«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 31 «А» шағын ауданы, № 5
ғимарат
тел./факс 8 (7292) 33-02-24

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, г. Актау, 31 «А» микрорайон, здание № 5
тел./факс 8 (7292) 33-02-24

02-07/1923
25.05.2021

«ЭКО Актау» ЖШС
Ақтау қ-сы 12 б.52 Тел +7 (702) 312-27-18,
ECO-aktau2018@mail.ru

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)*. Сіздің Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Бейнеу орталық аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК *(бұдан әрі - Кәсіпорын)* тарапынан № 5734974-1 санды «Қауіпті қалдықтарды/мүлікті/ материалдарды жою бойынша қызметтер (көму/жағу/жою және ұқсас қызметтер)» сатып алу жөніндегі электронды конкурс тәсілімен өткізілген мемлекттік сатып алуына қатысты жазған 05.05.-10.05.2021 жылғы № 102347,102385 және 12.05.2021 жылғы №42/2021 санды шағымдарыңызға келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан аталған сатып алуға қатысты келтірген шағымыңыз бойынша мемлекеттік сатып алу заңнамасының сақталу мәселесіне камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесімен заң бұзушылық деректері анықталды.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының 04.12.2015 жылғы №434 санды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 9-бабының 1-тармақта әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады: осы тармақтың 4) тармақшасында мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы туралы көзделген біліктілік талаптары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын тәртіппен белгіленеді.

Осы баптың 3-тармағында әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады делінген.

Сәйкесінше, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасының (бұдан әрі - Қағида) 150-тармағының 1-тармақшасында, конкурстық құжаттамада көрсетілген, ***шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы*** бөлігінде әлеуетті өнім берушінің ***біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі айқындалған жағдайда конкурсқа жіберілмейтіндігі көрсетілген***.

Конкурсты ұйымдастырушының 1-4-қосымшасына сәйкес, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарында еңбек ресурстарында медициналық қалдықтарды тасымалдау жөнінде 2 адам және рұқсат беру туралы куәлігі бар жүргізуші жүргізушінің қауіпті жүкті 6,1 6,2 сыныптарға тасымалдауға 1 адам және дербес жинауға арналған жүк тиегіштің болуы 1 адам жалпы саны 4 адам керектігі жөнінде талап қойылған.

Конкурсқа қатысуға жіберілген «Ш.Т. ҚАЙНАРБАЙ» және «Б.Т ИМАНГАЛИЕВА» ЖК-нің конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасына сәйкес ұсынған біліктілік туралы мәліметінде жоғарыда аталған 4 адамның тек қана 2 адамы ұсынылғаны анықталды.

Нәтижесінде, конкурстық комиссия мүшелерінің тарапынан «Ш.Т. ҚАЙНАРБАЙ» және «Б.Т ИМАНГАЛИЕВА» ЖК-нің біліктілік талаптары бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп, яғни ***шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті еңбек ресурстарына ие болуы*** жеткіліксіз екеніне қарамастан конкурсқа қатысуға негізсіз жіберілгені анықталды.

Конкурсты ұйымдастырушының мекен жайына орын алған кемшіліктерді жою жөнінде хабарлама жолданылды.

Егер келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 04.12.2015 жылғы №434 санды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабтарына сәйкес, өтінішіңізге жауап мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Сонымен бірге, Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес, дауларды шешудің сотқа дейінгі процедурасы міндетті болып табылады

Департамент басшысының орынбасары **Н.Анесов**

Орын. Е. Башагулов.
тел.: 33-02-24.